



Спорт сергектікті қалайды. Күнделікті дағды мен бірқалыпты тіршілік спортқа жат. Үнемі қозғалыста, үнемі дамуда болуы қажет. Біз өмір спортында белгілі тұлға Асылжан Зүлфықарұлымен сұхбатта осы ұғымды түсіндік. «Спортты дамытудың бірден-бір тетігі – білікті маман, кадрлерді дайындау» деп кесіп айтты ол. Кадр қадірлі болғанда ғана, істің алға басатыны мәлім. Сан мыңдаған спортшыға ұстаз болған Асылжан Жаманқұлмен Сыр спортының бүгіні мен ертені жайлы пікірлескен едік.

Асылжан ЖАМАНҚҰЛ, Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп–интернат–колледжінің директоры:

ШЫН ЖҮЙРІК БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТАН ШЫҒАДЫ

– Асылжан Зүлфықарұлы, өмір спортының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген маман ретінде аймақтағы осы саланың дамуына қандай баға берер едіңіз?

– Қызылордадағы спорт саласының өрлеу, жанару кезеңі Садық Мұстафаев басқарған тұстан басталды. Ол уақытта бізге спорт саласының ішіне ену қиын болды. Бұрыннан келе жатқан байырғы мамандар сол қалыпты тіршілігімен жүре бергенді жақсы көрді. Сол уақытта дейін де 30-40 жыл басқарып, жаңашылдықтан тыс қалған. Мұстафаев келгеннен бастап жан-жақтан мамандар тартып, әрбір істі қолынан келетін адамға тапсырды. Сырдағы спорттың жарқын мектебі сол уақыттан бері қалыптасты. Бұрын республика бойынша соңғы орында тұрсақ, бертін келе алғашқы орындарға шықтық. Мұның арғы жағында үлкен еңбек, маңдай тер тұр. Бізге енді керегі – осы мектепті жоғалтып алмау. Айқын мақсат, белгілі жоспар тұр, осы бағытта жұмыс істеу керек. Спорт – бір деңгейге жетіп тоқтап қалатын емес, сол биіктен де әрі қарай асқар шыңдарға бағыт алатын сала. Сөзбен емес, іспен көрінетін жер.

– Кейінгі уақытта ұлттық спорт екінші орында қалған сияқты. Бұл қанымызға сіңген кастерлі дүниеге қиянат емес пе?

– Әуел бастан Қызылорда облысындағы басты орынға қойылған бағыт – олимпиадалық спорт түрі. Бірақ ұлттық спорт түрлері қатар, бірге, бір деңгейде дамып отырды. Содан кейін бұқаралық спорт екі спорт түрінің алдында, бірінші кезекте қолға алынған. Өйткені, барлық спорт түрінің іргетасы – бұқаралық спорт. Таразының басы осылай тең ұсталу керек. Елдігіміздің айбыны ретінде әлемдік деңгейде көк туды көкте желбірету мақсатында олимпиадалық спорт түріне басымдық беру, ол – әріне бар. Бірақ қалған екеуін де өгейсітіп алмауымыз керек.

4-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

3 қыркүйек
сәрсенбі

№66 (2179)

2025 жыл

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС СЕРПІНДІ БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

Сұлу Сырдың бойындағы құрылыс қарқын алған. Бүгінде «Сыр ана» монументі жанынан Сырдария өзенін кесіп өтетін 312,2 метр ұзындықтағы көпірдің жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Бұйыртыса, жағалаудан жағалауға ағылған халық үшін серуендейтін ғаламат көпір пайда болмақ. Облыс, қала әкімдері Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралап, ондағы жай-күйді көрді.



Бейбарыс сұлтан көшесінде орналасқан аспалы көпірдің құрылысы қашан бітеді деп мойын созған жұртшылықтың қарасы қалың. Күрделі жөндеуді аймақтағы іргелі кәсіпорындардың бірі «Қыран» серіктестігі қолға алған. Бүгінде мұндағы жұмыс қызу. Ал Сырдағы жаңа жылу-электр орталығы да қарқынды құрылыс алаңына айналған. Инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы орталық құрылысына 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйды. Жоба аясында 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бүгінде құрылыстың 70

пайызға жуығы біткен. Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. Мұнда 1200-ден астам адам және 130 арнайы техника жұмылдырылған. Жұмысшылардың негізгі бөлігі – жергілікті тұрғындар. Станцияны осы жылдың IV тоқсанында іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газотурбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады. Жаңа станция облыстың электр энергиясына қажеттілігін толығымен қамтамасыз етпек.

Мұнан соң аймақ басшысы сол жағалаудағы жаңа облыстық тарихи-өлкетану музейінің алдында сол қатардағы құрылыс жұмыстарын қолға алған мердігер мекемелер басшыларымен кездесті. Құрылыс барысында ең бірінші кезекте сапа мен мерзімнің маңызды екенін, халық күткен жаңа ғимараттар мен нысандардың уақытылы пайдалануға берілуі керегін ескертті.

«Ақмешіт-ақпарат»

САНАҚТЫҢ ОНЛАЙН МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ 20 ҚЫРКҮЙЕККЕ
ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

ОНЛАЙН-ЭТАП СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ
ПРОДЛЕН ДО 20 СЕНТЯБРЯ



статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Айбек Жантөреұлы.

Айта кетейік, онлайн санақ 1 тамызда басталып 31 тамызда аяқталуы жоспарланған болатын. Ал үй шаруашылықтарын аралайтын интервьюерлердің екінші кезеңі 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін жалғасады. Санаққа қатысты кез келген сұрақ бойынша азаматтар 1446 бірыңғай байланыс орталығына сағат 9:00-ден 21:00-ге дейін қоңырау шала алады немесе sanaq.gov.kz порталындағы «sanaqmyrza» чат-ботына жаза алады. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы елдің аграрлық секторын дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық маңызды шара. Жиналған деректер мемлекеттік саясатты жетілдіруге және ауылшаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болмақ.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Гүлдана БАБАОМАРОВА,
психолог, «Дана» психологиялық орталығының құрылтайшысы:

Даму кешеуілдеуін ерте түзетсе, нәтиже айқын болады



Қазір ата-аналарды ең көп алаңдататын жайттың бірі – бала тілінің кеш шығуы. Бұрынғыдай аулада асыр салып ойнаған баладан, қазір телефонға телміргендер көп. Бір жасқа келгенде «әке, ана» демейтін, екі жасқа толғанда сөйлемейтін, үш жасында ойын жеткізе алмайтын балалар саны аз емес. Әріне, мұндай жағдай әр отбасына оңай емес. Ата-ананың көңілі алаң, баланың болашағына деген уайым да күшейеді. Мамандардың айтуынша, мұндай белгілерді дер кезінде байқап, дұрыс қадам жасау аса маңызды. Өйткені даму кешеуілдеуін ерте анықтап, арнайы мамандардың көмегіне жүгінген бала уақыт өте қатарластарына ілесіп кете алады. Ал егер мән бермей, «өзі-ақ сөйлеп кетеді» деп уақыт оздырса, мәселе күрделене береді. Осы өзекті мәселелерді оқырманға нақтырақ түсіндіру үшін «Дана» психологиялық орталығының құрылтайшысы, тәжірибелі маман Бабаомарова Гүлдана Ерғешбайқызымен сұхбаттастық.

3-БЕТТЕ

Әлия ОМАРОВА,
кондитер:

КЕЗ КЕЛГЕН ХОББИДІ КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРУҒА БОЛАДЫ

Тәттіні тек жеп қана қоймай, оны өнер деңгейіне көтеріп, өмірін тәтті пісіруге арнаған жап бүгінде сирек кездеседі. Осындай жандардың бірі – Қызылорда қаласының тумасы, кондитер Әлия Омарова. Ол аспаздықты тек кәсіп қана емес, өмірлік нанына айналдырып отыр. Бала кезінен ас үйге жақын болып өскен Әлия бүгінде өз ісін сүйеді. Бүгінде ол 10 жылдан астам уақыт бойы кондитер өнімдерін пісірумен айналысады. Тек қана отбасының емес, талай тұтынушының да ризашылығына бөленіп жүрген кейіпкерімізбен бүгін сұхбаттасудың сәтті түсті.



2-БЕТТЕ



– Кондитерлік салаға қалай келдіңіз?
– Кондитерлік іс – менің кәсібім әрі хоббиім. Ас үйге деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Анам “қой, әлі кішкентайсың” десе де, мен ас үйден шықпайтынмын. Әуелі қонақ келгенде түрлі тәтті тағамдар әзірлеуді үйрендім, кейіннен торт пісіруге бет бұрдым. Уақыт өте келе табыс көзіне айналды. Қазір үйде отырып, түрлі тапсырыстар қабылдаймын.

– Жұмысыңыздың қиындығы мен қызығы неде? Әлде сіз де басқалар секілді кенседе белгілі графикпен жұмыс істегіңіз келе ме?

– Шынымды айтсам, жұмыстың оңайы жоқ. Кейде мен де “кенседе белгілі бір графикпен жұмыс істесем ғой” деп ойлаймын. Бірақ жүрегім шығармашылыққа қалап тұрады. Әсіресе торт пісірудің өзіндік бір әдемі әлемі бар. Мәселен, жас жубайларға арналған торт жасау уақыт пен шыдамдылықты талап етеді. Әр қабатын әсемдеп, дизайнын келтіргенге

Әлия ОМАРОВА, кондитер:

КЕЗ КЕЛГЕН ХОББИДІ КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРУҒА БОЛАДЫ

дейін қаншама уақыт өтеді. Бірақ нәтижесінде тапсырыс берушінің қуанышын көргенде, барлық шаршағаның ұмытылады. Сондықтан мен өз кәсібімді сүйемін. Бастысы – адал еңбек.

– Торт пісіруде дизайн қаншалықты маңызды?

– Дизайн – кондитерлік өнердің жүрегі десек болады. Торт тек дәмді ғана емес, әдемі болуы да шарт. Қазір адамдар денсаулығына көп мән береді. Сондықтан кремді аз, майсыз, жүрекке ауырлық түсірмейтін торттарға сұраныс жоғары. Сонымен қатар балалардың сүйікті кейіпкерлерімен жасалған торттар да көп тапсырылады. Қазір әсіресе «mini cakes», «bento cakes» тәрізді шағын торттарға сұраныс ерекше. Жастар арасында сұранысқа ие. Жалпы әрбір тапсырыс берушімен сөйлесіп, қандай дизайн қалайтынын нақтылап алған соң ғана іске кірісеміз. Өйткені торт – бұл жай тағам емес, әрбір адамның өмірінде ерекше қуаныш сыйлайтын естелік.

– Қазіргі таңда торттың қандай түрі ерекше сұранысқа ие?

– «Бал тортты» әрқашан классикалық сұраныста. Бұған қоса, «mini cakes», «bento cakes», «қызыл бархат» торттарына жиі тапсырыс аламын. Бағасы қолжетімді, әрі кез келген мерекеге үйлесімді болғандықтан, халық жиі таңдайды. Дәмді әрі сапалы өнім әрқашан да сұраныс ие. Әсіресе қыс, күз айларында жиі тапсырыс түседі. Торттан бөлек, арнайы ұннан дайындалатын тағамның барлық түрін істеймін. Бастысы өз ісінді сүйіп істесең болғаны.

– Алдағы уақытта алға қойған қандай жоспар бар...

– Қазіргі таңда үйден тапсырыс қабылдап жүрмін. Бірақ алдағы уақытта үлкен кондитерлік дүкен ашу ойымда бар. Бастысы, қай жерде пірсең де, өнімнің сапасы мен тазалығына ерекше мән беру қажет. Дәмді әрі сапалы торт әрқашан да сұранысқа ие. Адал еңбекпен табылған нанның әрқашан берекесі мол.

– Сұхбатыңызға рахмет.



ЖАҢАРҒАН МЕКТЕП – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Жыл сайын Білім күнінде оңірде көптеген мектеп жөндеуден өтіп, оқушыларға жаңа кейіпте есігін айқара ашады.

Биыл осындай жөндеген мектептер қатарында Нағи Ілиясов атындағы №9 мектеп-гимназия да болды. Мұндағы балалардың қуанышында шек жоқ.

Жаңа мектептен кем емес.

Балалар 1-қыркүйекте шатшадыман күйде оқу орнының табалдырығын аттады.

Бұл күн – оқушылардың ғана емес, ұстаздар мен ата-аналардың да ерекше асыға күтетін сәті. Әсіресе білім ордасының табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер үшін жаңа өмірдің бір парағы айқара ашылатын сәт. Осындай толқынды да қуанышты сәттің куәсі болған Нағи Ілиясов атындағы №9 мектеп-гимназия ұжымы жаңа оқу жылын «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиынмен қарсы алды.

Биыл – қазақ әдебиетінің алыбы, ойшыл ақын Абай Құнанбайұлының туғанына – 180 жыл, ал ел тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш арысы, қоғам



қайраткері Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуда. Осыған орай №9 мектеп-гимназия ұжымы биылғы оқу жылын ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлы тұлғалардың мұрасын ұлықтау бағытында өткізуді басты мақсат етіп отыр.

– Биыл бірінші сыныпқа 100-ден аса оқушы қабылданса, 11-сыныпқа 80-нен астам шәкірт қадам басты. Біздің басты мақсатымыз – балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, – дейді

№9 мектеп-гимназиясының директоры Бекзат Сағындықұлы.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жас ұрпаққа адалдық, әділдік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді сіңіру – жаңа оқу жылының негізгі басымдығы болмақ. Бұл – тек білім беру емес, жас буынның азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған қадам.

Салтанатты жиында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев сөз алып, 1-сынып оқушыларының

Түбіртек талап ет те, сыйлық ұтып ал

Өңірде көленкелі экономиканың алдын алу мақсатында «Түбіртек талап ет – сыйлық ұтып ал!» акциясы жүрде. Мақсат – халық арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңсыз кәсіпкерлікке тосқауыл қою және салықтан жалтаруға жол бермеу. Осы бағытта Қызылорда қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы Бекзат Айтмағамбетов «Қосу» қалалық жастар ресурстық орталығында қала тұрғындарымен арнайы кездесу өткізді.

Кездесуде Бекзат Айтмағамбетов азаматтардың құқықтық нормаларды сақтауының маңызына тоқталды. Оның айтуынша, әрбір тұтынушы өз құқығын қорғап, сауда жасаған кезде түбіртек талап етуі тиіс.

– Қарапайым мысал дүкеннен сатып алған әрбір тауарыңызға түбіртек талап етсеңіз, сіз өз құқығыңызды қорғап қана қоймайсыз, сонымен қатар көленкелі экономиканың алдын алуға үлес қосасыз, – дейді.



Сонымен қатар «Әмиян» қосымшасы барлық тұтынушыға қолжетімді. Мәселен, мобильді қосымшаның көмегімен кез келген тұрғын сатып алған түбіртегін тіркеп, бағалы сыйлықтарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Қосымша арқылы тұтынушыларға кәшбәк беріледі, тіпті соңғы үлгідегі iPhone 16 Pro смартфонын ұтып алу мүмкіндігі қарастырылған.




келе жатқанын айғақтайды.

Қарапайым ғана түбіртек талап ету – қоғам үшін аса маңызды қадам. Біріншіден, тұтынушы тауардың немесе қызметтің заңды түрде рәсімделгеніне көз жеткізеді. Екіншіден, кәсіпкер табысын жасырмай, мемлекетке салық төлейді.

А.БАХТИЯР

МҰНАЙШЫ ҚЫЗ ГҮЛБАНУ



Мұнайшы қыз шырайлы,

Ширақтығы ұнайды.

Тазалыққа үндейді,

Жалқаулықты сынайды.

Коменданттың ірісі,

Жылдам, сергек жүрісі.

Мұнайшылар жағдайын,

Сауықтыру жұмысы.

Бұл жыр жолдары мұнай саласында қызмет жасап, ыстық-суығына төселген Гүлбану Маратқызы Керімбаеваның бейнесін ашып тұрғандай. Ер адамдармен иық тіреспі жұмыс істеу әйел затына оңай емес. Мойнына артылған міндеті де қиын. Гүлбану мұнайшылар қалашығындағы 100 адамның жатын орнының тазалығына, асханадан ішетін тағамының құнарлылығына жауап береді. Мердігерлердің, жұмысшылардың арыз-шағымына сай зерттеу жүргізіп, кеткен кемшіліктер болса түзетіп, барынша тіл табысуға тырысып, көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Жүзінен иман нұры төгіліп тұрған Гүлбануды әріптестері де қатты сыйлап құрмет тұтады. Мүмкін ата-анадан алған тәлім-тәрбиенің әсері болар Гүлбану жұмыс барысында қатқыл сөйлемей, сабыр сақтап әр адаммен жеңіл тіл табысады. Вахталық жұмысқа әбден үйреніп алған. Мұнайлы жерде жұмыс істегенде денсаулығыма кінәрат тиеді деп қорғанбай, азаматтармен бірге елдің қара алтынын игеруге атсалысып жүрген нәзікжандының батылдығына да қайран қаласың. «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» дейді халық даналығы. Жалқаулықты бойынан ысырып тастап, күннің ыстық-суығына қарамай қажырлы еңбек етіп жүрген майталман қыздың қайсарлығы бөлек әңгіме.

– Өмірде адам өз жолын таба білу керек. Әкем мен анам мені еңбекке ерте жастан баулады. Олар қарапайым жандар. Әжектікті бойыма сіңіруде, қиындыққа мойымай күресуде олардың қоғамдағы белсенді әрекеттері үлгі болды. Солардың жолымен аласпай жүріп келемін. Олар менің бағдаршамым. Тан қылаң бере ерте тұрып әкем таңғы асты ішіп көлігін оталдырады. Анам болса мектепке кетеді. Біз балалары ата-анамызды үлгі тұтамыз, – дейді Гүлбану Керімбаева.


Өмір жолына келсек, Гүлбану Маратқызы 1980 жылғы 16 мамырда Қызылорда облысы, Теренөзек ауданында дүниеге келген. 1985 жылы ата-анасымен Қызылорда қаласына қоныс аударып, №253-ші орта мектепті бітірген. Мұнан соң кооперативтік техникумға оқуға түсіп, оны жақсы тәмамдап, 16 жыл «Кому что» газетінде теруші болып жұмыс істеген. 2017 жылы Атырау қаласындағы Тенгиз қалашығында 4 жыл әкімшілік қызметте болған. 2024 жылдан бері АО «Кристалл» мекемесінде коменданттық жұмыста. Әкесі қарапайым жұмысшы, «Камаз» көлігін жүргізеді. Ал анасы болса мұғалім. Отбасындағы тәлім-тәрбиенің әсері болар Гүлбанудың бойында жауапкершілік, талапшылдық, адамгершілік ұстаным бар. Ең бастысы өз жұмысына салғырт қарап көрген емес. Қашанда жинақы, сергек, тиянақты қалпын сақтап жүрген қарапайым қызды ұжымды да ерекше құрметтейді. Сыр өңірінің қара алтынын игеруге үлес қосып, табандылық көрсетіп жүрген қажырлы қызға ел риза.

Ғайяр ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан Айдана БАХТИЯР

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



Ата заңымыздың 30 жылдық мерекесі қарсаңында 29 тамыз күні облыстық Полиция департаментінің үлкен мәжіліс залында сала ардагерлер мен қызметкерлер құрамының қатысуымен құқық қорғау саласында қырық алты жыл, Полиция департаментінің заң бөлімі бастығы лауазымында жиырма үш жыл қызмет атқарған әріптесіміз, заңастағы полиция полковнигі Хұсайын Қоразбаевтың «Офицер жазбалары» атты кітабының тұсауы кесілді.

Жинақтың алғы сөзі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбайдың «Өре мен өріс» атауымен аталған. Тіл маманы Ғ.Тұяқбай алғысөзде төмендегідей пікір білдірген: «Өз тарихымызды зерттеу, зерделеу тек кәсіби тарихшының ғана міндеті емес, автор өзін «Мен – қазақпын» деп танитын қазақтың, өзін ұлт-жанды азаматтың деп есептейтін әр азаматтың, таным көзкіеігін кеңейтіксі келетін әр тұлғаның халық алдындағы перзенттік бір парызы екенін білдіреді. Жинаққа енген ұлт тарихына зерттеулер мен сараптамалық мақалалар қаламгердің бойындағы осындай қасиеттердің тоғысқандығының айғағы. Тарихты білу – өткенді зерттеу ғана емес, одан сабақ алу, болашақты саралау. Тарих – бұл халықтың рухани тірегі, ұлттың тұтастығы мен дамуының қайнар көзі. Әрбір тарихи оқиға-уақыттың айна-

сы, ал сол оқиғаларды түсініп, олардың мән-мағынасын ашу – бүгінгі және келер ұрпақтың басты міндеті».

Жинақтағы материалдар зерттеушілерге, ұстаздарға, сондай-ақ халқымыздың ұлы перзенттері туралы тереңірек білгісі келетін барлық оқырманға арналған. Кітаптың басты мақсаты оқырманға жаңа идеялар ұсынып, ой-өрісін кеңейту, ғылыми және танымдық ақпараттарды жүйелеу. Оқыған, ізденген, зерттеген адам ешқашан аласпайды, себебі білім мен ғылым жолы – болашаққа бастар жол.

Кітапқа автордың ұзақ жылдар бойғы құқық қорғау саласындағы қызмет кезіндегі орын алған атышулы қылмыстар мен тергелген қылмыстық істер, жаңадан қабылданған заңдар, тарихи зерттеулер мен портреттік

очерктер енгізілген. Жинаққа енген мақалалар автордың талай жылғы қызметі мен жеткен жетістіктері үшін қызмет барысында 63 рет марапатталған. Оның қатарында үлгілі қызметі үшін КСРО Ішкі істер министрі милиция армия генералы Н.А.Шелоговпен «алғыс» жарияланған. Бірнеше рет Қазақ КСР, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қызылорда облысы мен қалалық әкімдерімен, Полиция департаменті мен Ресей Федерациясы Байқоңыр қалалық әкімшілігі басшысы мен Ішкі істер министрлігінің Байқоңыр комплексі Ішкі істер басқармасы басшылығымен грамоталармен, алғыс хаттармен және көптеген медальдерімен марапатталған.

Жинаққа бұрын «Зан» республикалық құқықтық ғылыми-практикалық журналына, «Егемен Қазақстан», «Зан», «Сақшы», «Түркістан», «Президент және Халық», «Айқын», «Жеті жұрт», «Сыр бойы», «Ақмешіт ақиамы», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт Ардагері», «Ақмешіт жастары», «Жалағаш жаршысы», «Өскен өңір», «Тіршілік тынысы» тәрізді басылымдарда жарияланған Қазақ ССР Ішкі істер министрінің бұрынғы орынбасары, милиция генерал-майоры Н.Алмағамбетов, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының бұрынғы депутаты И.Амиров, Шіелі аудандық Полиция бөлімінің бұрын-

Осындай құнды дүниені жарыққа шығарған Хұсайын Қоразбаев

Гүлдана БАБАОМАРОВА, психолог, «Дана» психологиялық орталығының құрылтайшысы:

Даму кешеуілдеуін ерте түзетсе, нәтиже айқын болады



айналасында болып жатқан оқиғаларға қатысты шағын сөйлемдер құрай алады. Егер бала 3 жасында да өз ойын дұрыс жеткізе алмаса, сөйлемесе немесе сөйлегеннің өзі былдыр, түсініксіз болса, бұл оның дамуында кешеуілдеу бар екенін көрсетеді. Мұндай кезде ата-ана дер кезінде маман көмегіне жүгінгені жөн, өйткені түзету ерте басталса, әлдеқайда тиімді болады.

– **Экран алдындағы уақыт баланың сөйлеу дамуын тежейді ме?**

– Ата-ана бала тілінің шығуына заманауи экрандардың да әсері тиетінін естен шығармауы керек. Теледидар, смартфон, планшеттегі мультфильмдер мен «YouTube» видеолары баланың сөйлеу дамуын тежейтіні белгілі. Экрандағы жылдам ауысатын жарқын бейнелер кішкентай баланың назарын бір нүктеге ұзақ шоғырлануын қиындатады, мына артық саямақ түсіреді.

Бала мультфильмдерді көрген кезде ондағы оқиғаларды түсінгенімен, өзі сөйлеуге, жауап беруге әрекеттенбейді. Әсіресе қазіргі мультфильмдердің көбінде диалог пен сөз аз, тек тез ауысатын әрекеттер көп. Сол себепті бала тілінің дамуына қажетті сөйлеу стимулы болмай қалады – миының сөйлеу ортасы жеткілікті ынталанбайды. Нәтижесінде бала экрандағыны ынтамен көріп отырса да, өзі сөйлеп үйренуге асықпайды. Сондықтан екі жасқа дейінгі балаларға телефон бермеу, одан кейінгі жаста да экран уақытын қатаң шектеу өте маңызды.

– **Баланың үйде сөйлеуін дамыту үшін ата-ана не істей алады?**

– Ең бастысы, баламен күнделікті сөйлесу. Көп ата-ана кішкентай бала әлі түк түсінбейді деп ойлап, онымен аз сөйлеседі. Шын мәнінде, қарапайым және нақты сөздермен жиі сөйлескен сайын бала тезірек тіл үйренеді. Мысалы, күнделікті тұрмыста бірге жүргенде балаға сұрақ қойып отырыңыз: «Бұл не?», «Қайда барамыз?», «Мына заттың түсі қандай?» деген сияқты ең қарапайым сұрақтардан бастап, сол сұрақтарға өзі жауап табуына көмектесіңіз. Сұрақ-жауап диалогы арқылы бала әрі ойлайды, әрі тіл дамытады. Бастапқыда қолымен көрсету, ыммен түсіндіру арқылы жауап беруі мүмкін, бірақ сіз оны сөзбен айтуға ынталандырыңыз. Бала бірнәрсені айта білмесе, сіз дұрыс үлгіні көрсетіп, анықтап айтып үйретіңіз. Мейлінше күн сайын баланың жана сөздер үйренуіне жағдай жасау қажет, бірге кітап қарап, суреттегі заттарды атап, жанадан сөз қорын толықтырыңыз.

– **Даму кідірісін түзету үшін логопедиялық жұмысты нейрокоррекциямен қалай үйлестіруге болады? Жалпы, мұндай психикалық және сөйлеу дамуының кешеуілдеуін барынша ерте анықтауға бола ма?**

– Логопед те, нейропсихолог та әрқайсысы өз бағыты арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Яғни логопед баланың дыбысты дұрыс айтып, тілін жаттықтыруымен айналысса, нейропсихолог мидың сөйлеуге жауапты бөліктерін түрлі жаттығулар арқылы белсенді етіп, жалпы когнитивтік дамуын арттырумен шұғылданады. Кейбір ауытқуларды анасының жүкті кезінде болжап-білуге мүмкіндіктер бар. Мәселен, жүктілік кезінде ауыр күйзеліске түсуі немесе қатты стресс жағдайында болуы ұрықтың дамуына әсер етуі мүмкін. Сол сияқты, нәрестенің құрсақта жатқанда кіндігінің мойнына оралып қалуы, сәбидің мерзімінен бұрын не мерзімінен кеш туылуы, немесе баланы кесарь тілігі арқылы дүниеге әкелуі, осы факторлардың барлығы баланың жүйке-жүйесінің қалыптасуына белгілі бір деңгейде ықпал етеді. Әрине, бұл жағдайлардың бәрінде бала дамуында міндетті түрде мәселе болады деген сөз емес, бірақ мұндай қауіп факторлары бар сәбилердің өсуін мұқият бақылап отыру керек.

– **Нәрестенің жүйке жүйесінің дамуына қоршаған орта қалай әсер етеді?**

– Нәрестенің даму кезеңдеріне зер сала қарасақ, алғашқы айлардың өзінде-ақ кейбір ауытқу белгілерін байқауға болады. Мысалы, сау бала 2 айлығында гүілдеп, түрлі көңілді дыбыс шығара бастайды, әңгімелесуге талпынғандай белгі береді. Сол кезде анасын еміс-еміс тануы, көзбен қарым-қатынас орнатуы керек, және осы кезеңде мойнын ұстап, басын көтере алуы тиіс. Егер 2 айда мұндай қадамдары мүлде байқалмаса, ата-ана сәл күтіп, 3-4 ай айналасында тағы қарап көруі керек, кейде бала аздап кешігіп даму қалыпты болуы да мүмкін. Алайда 6 айға толғанда сәби былдырлап, «ма-ма-ма, ба-ба-ба» деген секілді буындық дыбыстарға көшуі қажет. Бұл уақытта нәресте көз алдына қойған түрлі заттарға қызығып қарап, айналасындағы адамдарды танып, олардың қимыл-ишараларын қайталауға тырысады. Егер жарты жасқа келгенге дейін осы аталған қабілеттердің ешбірі білінбесе, мәселен, сәби өз атына елең етпесе, көзге түскен заттарға көңіл аудармаса бұл өте ерте жастағы дабыл белгісі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жеткіліксіз дәрігер-педиатрға, қажет болса, балалар неврологына қаралып, тексеруден өткен дұрыс. Жалпы, нәрестелер 2-3 айынан бастап-ақ 2 түрлі түсті ажырата алады, ал 4-5 айдан асқанда 3-4 түсті таңдай бастайды. Сол түстерге, ашық жылтырақ заттарға қызыға қарау арқылы сәби айналасын танып, жүйке жүйесі дамиды. Егер сәби тіпті ашық түсті ойыншықтарға да мүлде қызықпайтын болса, бұл да оның дамуында кешеуілдеу барын көрсететін жанама белгі. Тағы бір ескерер нәрсе, баланың даму қарқынына оның күнделікті тәрбиелену ортасы да әсер етеді. Мысалы, сәби күні бойы теледидар қарап, жеткілікті эмоциялық қарым-қатынас болмаса немесе керісінше шамадан тыс мәңгілеп, қозғалу белсенділігі шектелсе, мұның барлығы оның жалпы психикалық дамуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан ата-ана балаға жағымды, қолдау көрсететін орта қалыптастырып, оның қозғалуы мен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауы керек. Ерте жаста байқалған кез келген ауытқуды мамандардың көмегімен түзетуге болады, тек оны дер кезінде анықтау маңызды.

– **Кейде баланың мінез-құлқындағы ерекшелік ауытқу туралы айтсаңыз. Мұндай қылықтар тәрбие тәсілінен бола ма, әлде психикасының дамуындағы қандай да бір ауытқудан хабар бере ме?**

– Баланың мінез-құлқында ерекше ауытқулар байқалса, оның себебі не тәрбиеден, не психологиялық дамуынан деп қарастыруға болады. Нақты қайсысы екенін анықтау үшін мұқият зерттеу керек. Мысалы, кейбір балалар өте импульсивті, тынымсыз болады. Ондай бала жана ортаға (қонаққа барған үй болсын, емхана, дүкен сияқты қоғамдық орын болсын) бөтенсімей, бірден өз үйіндей сезініп, ойына келгенін істеп еркін жүре беруі мүмкін. Ал енді бір бала керісінше, беймаза: үйде де, далада да себепсіз жүгіре береді, бір орында ұзақ отыра алмайды. Қолын немесе аяғын мақсатсыз сермеп, әйтеуір, бір әрекет үстінде болады. Кенеттен жөнсіз жылап, шырылдап айқайлап жіберуі, өзін-өзі ұрып тастауы да мүмкін. Мұндай көріністер ата-ананы алаңдатуы тиіс, міндетті түрде маман көмегіне жүгініп, баланы жан-жақты тексертіп көру керек. Өйткені мұндай шектен тыс импульсивтілік баланың жүйке жүйесіндегі дамуың бұзылыстарын көрсетеді. Дегенмен әрдайым мұндай мінез-құлқыты бірден патологияға жауып қоюға болмайды. Кейде тәрбие тәсілдері де баланың қылығына әсер етеді. Мәселен, ата-ана үйде балаға шамадан тыс шектеусіз еркіндік берсе немесе бетінен қақпай, ханзададай еркелетіп өсірсе, бала барлық тәртіптің шегін білсе де, оны сыйламайтын күйге жетуі мүмкін. Мұндай бала «еркеліктің буымен» ересектерді тыңдамай, қикар мінез танытады. Ондай жағдайда баланың шектен тыс тентектігін оның психикасынан гөрі тәрбиенің кемшілігінен деп санауға болады. Яғни, мәселе медициналық диагнозда емес, отбасындағы шекараның дұрыс қойылмауында. Әрине, шынайы гиперактивтілік пен жай еркеліктің ара-жігін анықтау үшін маманның көмегі керек. Білікті психолог немесе дәрігер балаға мұқият бақылау жүргізіп, оның қылығын түрлі жағдайларда тексеріп, нақты себебін анықтап береді.

– **Гиперактивтілік (СДВГ) белгілерін ата-ана қалай байқай алады? Жай ғана**

мінезі қызба, ширақ баладан оны қалай ажыратуға болады?

– Шынында, СДВГ синдромын (гиперактивтілік пен зейін тапшылығы бұзылысы) сырт көз тез байқай алады, өйткені оның белгілері анық көрінеді. Ең бірінші белгі – бала өте тынымсыз, зейіні тұрақсыз. Мұндай бала бір істі бастаса, оны аяқтамай жатып басқаға ауысып кетеді. Айналасында толып жатқан тітіркендіргіштер оның назарын бір жерге шоғырландыруына кедергі жасайды. Гиперактив бала өте көп сұрақ қойғыш келеді, бірақ қойып алып, жауабын күтпестен басқа тақырыпқа ауысып кетеді. Мысалы, «Ағаштағы жапырақ неге жасыл?» деп сұрауы мүмкін, бірақ сіз жауап бергенше, назары басқа нәрсеге ауып, келесі сұрақты қойып жатады немесе мүлде жайына кетіп қалады. Сонымен қатар гиперактив бала көбіне дамылсыз қимыл үстінде: отыра қалып аяқ-қолын бұлғаңдатып немесе жакын жердегі заттарды ұрады. Гиперактивті балалардың есте сақтау қабілеті де өзге қатарластарынан төмен болуы ықтимал. Мәселен, мектеп жасында күн сайын бір заттың ұмыт қалдырып кетіп жүреді: анасы «Бүгін қалпағыңды ұмытпа» деп бірнеше рет ескертсе, бала сабаққа шығарда тек қалпағын есінде сақтауы мүмкін, бірақ сонымен бірге мектепке керек басқа құрал-жабдықтарын ұмытып кетеді. Бұндай балаларға бір мезетте екі-үш әрекетті қатар тапсыру қиын: сіз «қолыңдағы кесенді орнына қой да, содан соң үстел үстін майлықпен сүртіп шық» деп айтсаңыз, ол біріншісін орындап, екіншісін ұмытып кетуі мүмкін. Яғни, бірнеше сатылы тапсырманы тәртіппен орындау гиперактивті ауыратын балаға оңай емес.

– **Гиперактивті бала мектепке барғанда қандай қиындық болуы мүмкін?**

– Көп жағдайда гиперактив балалар 4-5 жасқа дейін өте білгіш, қызығушылығы жоғары болып көрінеді: айналасындағының бәрін білгісі келіп, сұрап, жылдам үйреніп алатыны бар. Бірақ өсе келе, мектепке барған кезде үлгерімі түсіп кетеді, себебі олар үшін сабақ бірсарынды және қызықсыз болады. Ондай бала өзін басқалардан кем санамаса да, үнемі үлкендерден «тіісуге болмайды», «анаған тиіспес», «стыныш отыр» деген сияқты ескерту естіп жүріп, өзін-өзі бағалауы төмендеп кетуі мүмкін. Айта кету керек, бір қарағанда гиперактивтілік белгілері мен жай ғана мінезі ширақ, құбылмалы темпераменті «санвинни»к немесе «холерик» типіндегі баланың қылығында ұқсастық болуы мүмкін. Алайда мінез-құлықты дұрыс бағыттап, қадағалап отырсаңыз, темпераменті белсенді бала белгілі бір шектеулер мен тәртіпке үйрене алады. Яғни, қаншалықты қызуқанды болса да, ата-ана қойған тыйымды түсініп, қабылдайды. Ал гиперактив бала «жөк, болмайды» десеніз де, оны елемей, өз әрекетін өзі бақылай алмайды. Мәселен, мұндай бала ойын-сауық орталығына немесе дүкенге барған кезде қызып кетіп, жанындағы адамдарға соқтығысып, өлшеусіз қозып кетуі мүмкін. Ата-ана оны «шаршасын» деп әбден ойнатса да, гиперактив бала оңайлықпен тынышталмайды. Кей ата-аналар осындай баланы спорт секцияларына (бокс, күрес т.б.) бергенді жөн көреді, «энергиясын жұмсасын» дейді. Шын мәнінде, төбелес немесе күрес сияқты үйірмелер гиперактив баланың жүйке жүйесін одан сайын қоздырып жіберуі мүмкін. Сол себепті мұндай ерекше балаларға керісінше жүйке жүйесін тыныштандыратын, біртіндеп концентрациясын арттыратын іс-әрекеттер қолайлы. Мысалы, жүзу, йога, гимнастика секілді спорт түрлері, немесе жылқыға міну (иппотерапия) және т.б. сабырлықты қажет ететін қызықты іс-шаралар. Жалпы, бала тым гиперактивті ме, әлде жай ғана тентек пе мұны дәл анықтау үшін арнайы мамандар бірлесіп тексеру жүргізеді. Әдетте психолог, невропатолог, қажет болса психиатр сияқты мамандар 6 ай шамасында баланың жүріс-тұрысын бақылап, түрлі тестілер арқылы оның жағдайын бағалайды. Соның қорытындысында ғана, шамамен 6-7 жасқа таман балаға СДВГ деген ресми диагноз қойылуы мүмкін. Яғни, жай икемді, энергиясы тасыған темпераментті бала мен нағыз гиперактив синдромы бар баланың арасындағы айырмашылықты тек уақыт және маманның кәсіби талдауы көрсете алады.

– **Гиперактивті (СДВГ) баланы тәрбиелеуде ата-анаға қандай кеңес берер**

едіңіз? Мұндай ерекше балаға қалай көмектесуге болады?

– Ең алдымен ата-ана баланың жүйке жүйесін тыныштандыру бағытында жұмыс жүргізуі керек. Гиперактивтілігі бар баланы әлсін-әлсін сабырға түсіріп отырмаса, оның миы қатты шаршап, мінез-құлқы одан сайын бақылаусыз болып кетеді. Сондықтан тәрбие барысында күнделікті режим мен түсіністік атмосфера өте маңызды. Мысалы, баланы кешкі уақытта міндетті түрде таза ауада серуендетіңіз. Бұл тек ойын алаңында жүгіріп, энергиясын шығару үшін емес, балаңызбен бірге қолынан жетектеп саябақта, аулада жүріп, айналадағы орта туралы онымен әңгімелесу үшін қажет. Қызықтырып, түрлі танымдық ақпарат айтып беріңіз, сұрақтарын тыңдаңыз, осылайша оның миы тынығады әрі көңілі орнығады. Гиперактивті балаға қатты айғайлап, ұрсу жағдайды түземеітінін есте сақтаңыз. Керісінше, мазасы кетіп, жылап, шынғырып тұрса, оған шектеу қоюдың орнына, құшағыңызға қысып, назарын басқа нәрсеге аударуға тырысыңыз. Мысалы, «маған көмектесіп жіберші» деп, назарын үйдегі шаруаға не ойыншықтарға бұруға болады, немесе «мына ермексазбен бірге бірнәрсе жасайықшы» деп ермексазбен ойына тартып, тыныштандыруға болады. Гиперактивті баланың күн тәртібі нақты және жүйелі болғаны жақсы. Мектепке дейінгі жастағы бала кешкі сағат 21-де, ал бастауыш мектеп жасындағы бала 22-00 де ұйықтауы керек – бұл қатаң қадағалауға тұрарлық тәртіп. Ұйқысы қанабаған бала ересіне өзін-өзі басқаруда тағы қиындықтарға тап болады. Сондай-ақ тамақтануына көңіл бөліңіз: ас мәзірінде міндетті түрде ақуызға бай пайдалы тағамдар (ет, балық, жұмыртқа, сүт өнімдері, бұршақ тұқымдастар) жеткілікті болсын. Тәтті, бояғышы көп, химиялық қоспасы басым азық-түлікті шамадан тыс бермеңіз, ондай тағамдар баланың гиперактивті мінезін күшейте түседі.


– **Ата-аналар гиперактивті баланың эмоциясымен қалай жұмыс істеуі керек?**

– Баланың үйдегі міндеттері мен жауапкершілігін нақтылап, кесте күнтізбе-кесте жасап қоюға болады. Мысалы, қай уақытта қандай іс жасайтынын жазып не суретін салып, әр орындалған тапсырманың қасына белгілеп отырыңыз. Мектепке барған соң да, күнделікті сабақ, үй жұмысы, қосымша үйірме, демалыс уақыттарын жүйелеп үйретіңіз. Гиперактивті балаға белгілі бір құрылым мен тұрақты тәртіп өте қажет, сонда ол не істеу керектігін біліп, артық қозғалмайды, өзі де біраз сабырға үйренеді. Бала жасаған ісі үшін мадақ естіп, жетістігін көріп отырса, өзін пайдасыз сезінбейді және өз-өзін бағалау деңгейі жоғарылайды. Әрине, мұндай ерекше балаға ата-ананың ықыласы мен мейірімі де айрықша керек. Балаңызбен жиі сөйлесіп, оның ішкі әлеміне үйіліңіз не толғандыратынын, неден қорқатынын, не қалайтынын білуге тырысыңыз. Эмоцияларын дұрыс шығаруына көмектесіңіз: қуанып тұрса бірге қуаныңыз, ашуланып тұрса сабырға шақырыңыз. Кейде гиперактивті бала бірнәрсеге көңілі толмаса, айқайлап, ашу шақырады. Ондайда оған дауыс көтермей, өзінің эмоциясын сөзбен түсіндіруге үйретіңіз: «қатты ашулысың ба, қорқып кеттің бе, айтып берші» деп, сезімін сыртқа шығаруға талпынып көріңіз. Бала өз сезімін, қажеттілігін сөз арқылы жеткізуге үйренсе, шамадан тыс қимыл немесе айқай арқылы реакция көрсетуі азайтады. Сонымен қатар ата-ананың өздері де тәртіпті үлгі етуі маңызды. Гиперактивті баламен жұмыс істегенде, ата-ана өте шыдамды, сабырлы болуға, әрі тәртіпке бағындыра білуге тиіс. Әрдайым мамандармен байланыста болып, кеңестерін алу артық етпейді. Қазіргі кезде гиперактивті балаларға арналған арнайы нейрокоррекция әдістері бар – яғни баланың миындағы тежелу-тоқтату функциясын күшейтуге бағытталған түрлі ойын жаттығулары, тыныс алу жаттығуы, сезімталдықты реттейтін терапиялар. Осындай кешенді жұмыстар арқылы бала біртіндеп өз импульстарын бақылауды, зейінін шоғырландыруды үйрене бастайды. Ең бастысы, ата-ана мен маман бірлесе жұмыс істесе және бала сүйіспеншілікпен түсіне білсе кез келген қиындықты жеңуге болады.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ОТЫЗ
СЕГІЗІНШІ
СӨЗ

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым, құдірет сипаты бірлән сипаттадық. Жә бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олада боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады: хаяты – мағлұм, бірі – ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар. Ол еш нәрсеге хараке-кет бермейді. Һәммаға хараке-кет беретұғын өзі. Ол ирада – ғылымының

бір сипаты қалам, яғни сөйлеуші деген, сөз кәріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – кәріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиг, яғни көруші, естіуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты.

Бірі – тақуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір әлдіне сипат болса, алла тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әзали һәм әдәби болады да, һәмишә барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда ғылым, құдірет сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ықтиярсыздық алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі – құдіретіне ғана бір шарх. Бұл ғылым, құдіретте ешбір ниятсіз, ғылымында ғәфләт, құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Саниғын сұңғатына қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл – үкүмші, қайрат, қуат – қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: алла тағаланың сипатында солай болмақпа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі хисап болмаса, бір-ақ ғылымды құдірет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ, бірі матбуг болады ғой. Бұл болса, тариф раббыға жараспайды. Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «Лағиру уәлә һуә» болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамғат шығып кетеді. Бұл болса келіспейді. Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифакпенен құдай болған болады. Бұлай деу батыл, бір ғана құдірет пендеде болған қуат; құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рахмет. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, алла тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уәлуд, Хафиз, Сәттар, Раззак, Нағиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаи бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. Бұл сөзіме нақия дәлелім – жоғарыдағы жазылған алла тағаланың есімдері. Ғәқтия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды жаратыпты.

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан.

Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадәләт һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, нисін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көңтесіп бітіркекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңіздең бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жанбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйішешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәріді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мактасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар икрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық.

Басы өткен санда. Жалғасы келесі санда.

– Шын жүйріктер қайдан шығады?

– «Жүзден – жүйрік, мыңнан тұлпар» бұқаралық спорттан шығады. Біздегі кез-келген спорттың, тіпті әлемді аузына қаратқан олимпиадалық спорттың да іргетасы – бұқаралық спорт. Осы сөзімді қайталап айтамын. Біз бұны ұмытып кетпеуіміз керек. Спорттағы бұл жүйе пирамида тәрізді. Пирамиданың қазығы бұқаралық спорт болса, шыңға бағыт алғаны – олимпиадалық спорт. Ал қазақтың бұқаралық спортының іргетасы – ұлттық спорт. Кішкентай баланың асық ойнауы, ләңгі ойнауы, садақ атуы, атқа мінуі, жамбы ату, найза лақтыру, қыздардың бестас ойнауы – мұның барлығы қанымызда бар ұлттық спортымыздың бастауы. Көрдіңіз бе, бір-бірін толықтырып тұр. Үш таған тәртізді. Оның бірі осал болса, шайқалып тұрады. Біз осы нәрсені басты ұстаным етіп алуымыз керек. Бұл жерде ешкім жаңадан велосипед ойлап тауып жатқан жоқ. Мысалы, кубалықтардың әуелі бокстан танылатыны, аргентиналықтар мен бразилиялықтардың футболдан чемпион болатыны да осы пирамида үлгісінің дұрыс қалануынан. Өйткені, футбол мен бокс – олардың ұлттық ойыны. Бұл – олардың барлық спорт түрлерінің бастауы, іргетасы. Бізде де солай, іргетас ұлттық спорттан қаланың керек.

– Қазір аралас жекпе-жек түрі кең дамып келе жатыр. Халықтың да, спортшылардың да қызығушылығы зор сияқты...

– Иә, оның жүлдесі тіпті олимпиадалық спорт түрлерінен де асып түскен жағдайлар бар. Шахмат Рахмоновты қазір бәрі таниды. Халықтың қошеметі ерекше. Бізге бір орында тұрып қалып, тек мына спорт түрін дамытуымыз керек деген қағида келмейді. Заманның ағымымен, халықтың ықыласымен де санасуымыз керек. Мұны да қолға алсақ, жаман болмаймыз.

– Әрине, сөзіңіз орынды. Бірақ осы нәрсені қолға алуда, дамытуға не жетпейді? Бәлкім, жанаша көзқарас керек шығар...

– Маман керек. Бұл сұраққа әріден жауап бергім келіп отыр. Мені қуантағыны, әрбір ауылда спорт кешендері салынып жатыр. Алақандай ауылдың төрінде болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге мүмкіндік бар. Қызылорлада бұрын-соңды болмаған «Қызылорда-Аренаның» өзі неге тұрады? Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кешендерге дейін бар. Салынып жатқан спорт сарайлары

Басы 1-бетте

Асылжан ЖАМАНҚҰЛ, Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің директоры:

ШЫН ЖҮЙРІК БҰҚАРАЛЫҚ
СПОРТТАН ШЫҒАДЫ

мен стадиондардың саны да жетерлік. Бұлардың барлығын ашып, пайдалануға берілген соң не керек? Білікті кадр керек. Қызылордада мұндай кадрды дайындайтын бір ғана мекеме бар. Ол – Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы атындағы мектеп-интернат-колледжі. Мұнда біз спорт түрлерінен дайындайтын жаттықтырушылар тәрбиеленеді. Міне, осы кадрлерді қолдау керек. Ертеңгі күні жоғарыда біз айтып кеткен нысандар ашылып, ондағы функционалдық қызметтердің барлығы дерлік игеріліп, елге пайдасы тиюі үшін сол жерлерге мықты кадрлер бару керек.

– Демек, ананың туысы, мынаның танысы деген нәрсе спортта жүрмейді деген сөз ғой бұл...

– Әрине, ол жердегі жауапкершілік жүгінің артында ұлттың мүддесі тұрады. Қаншама баланың болашағы бар. Сапасы жоғары деңгейде салынып жатқан әрбір нысанға білікті, білімді, тәжірибелі маман барса, онда нәтиже де, көрсеткіш те жоғары болады. Сондай мамандарды дайындайтын біз жоғарыда айтып өткен Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы атындағы мектеп-интернат-колледжі. Олай болса, біз іргетасынан бастап, нықтап, сол оқу орнының базасын нығайтып, заманауи оқу ордасына айналыруымыз керек.

– Кадр туралы айтып қалдыңыз. Біздің «Қайсар» қазір легионерлерсіз ойнап жүр. Сіздің де түпкі ойыңызда осындай мағына жатқан сынайлы.

– Дұрыс айтасыз. Біз бұл жағдайға да қатты қуандық. Жаксы емес пе, өзіңнің еліңнің баласы атқа шауып, бәйге алып жатса... Қандай бақыт. Біздің әрбірміздің кеудемізде осындай ұлы максаттар болуы керек.

– Біз бұған дайын болдық па?

– Әрине, дайын еміспіз. Футболды жаксы ойнайтын мықты жігіттеріміз бар. Олар бірақ сыртта жүр. Оларды мұнда 1 млн теңге айлыққа шақырсақ, келмейді. Сыртта жүріп 5-6 млн теңге жалақы алады, мұнда келу үшін өзінің табысынан артығырақ сұрайды. Өйткені, сұраныс болып тұрғанын біліп тұр.

– Бірақ осыған дейін одан он есе қымбатқа шетелден алдырдық қой...

– Иә, алдырдық. Мен бұл жерде мынаны айтамын. Футболға бюджеттен жұмсалатын қаржының шегі болу керек. Көп қаражат керек болса, сол жердегі менеджерлер өздері іздеп табуы керек. Шетелде осы әдіс қолға алынған.

– Нақтырақ айта аласыз ба?

– Маселен, Ресейдің, Беларусьтің екінші деңгейлі ойыншылары бізге келіп үздік болып жүрді. Соларға 4-5 млн теңге қаражат жұмсадық. Өзіміздің ойыншыларға азғантай бердік. Екінші бір мәселе бар осы жерде. Өзіміздің жігіттер ойнасын деген бастама көтеріліп еді, олар сұраныс бар екенін білді де бағасын қымбаттатып жіберді.

– Осы жерде кез келген спортшыға тән қасиеттің бірі ұлтжандылық болу керек шығар деген ойға келіп отырмын...

– Дөп түстің. Қажымқан бабамыз балуандығымен өнер көрсетіп, қолындағы бар тапқанын сол кезеңдегі Алашордалықарды қолдауға салған екен. Ал қазіргі балуандар арасында «мен жеңіп келдім, әкімшіліктен маған не береді» деген сияқты көзқарас көбейіп кетті. Алдыңғы толқынның кезінде де мұндай ас та төк сыйлық болған емес. Бір құрмет грамотасы мен бір медаль. Тек олимпиададан жеңіспен келгенде ғана сыйақы табыстаған. Міне, өзін дұрыс айтып

отырсың. Әрбір спортшының кеуде сарайында ұлттық мүдде, елжандылық болуы керек. Әлемнің басқа мемлекеттерінің көпшілігінде қазір де сондай. Асып кетсе, 4-5 мың доллар сыйақы беріп жатады. Ал бізде олимпиада чемпионына да, оның жаттықтырушысына да 250 мың доллар береді.

– Бәлкім, қызығушылығын ояту керек кезең болған шығар...

– Иә, бізге сол кезең керек болды. Қазір біз ол кезеңнен өтіп кеттік. Ата-аналар да, балалар да түсінесе деймін. Спортпен айналыссаң, ол – сенің болашағың. Қай салаға барсаң да, қоғамға қажетінді сезінесің. Ешкім «мемлекет үшін күресіп жатырмын, мемлекет маған берсін» деген ұғыммен емес, өзіме керек деген ұғыммен айналысу керек.

– Сіз осы күні шәкірттеріңізді осы бағытта тәрбиелеп жүрсіз бе?

– Мен шәкірттеріме спорттың биікке шығаратынын түсіндіремін. «Сендер осы спорты сүйіп келдіңдер. Жетістікке жетемін деп келдіңдер. Сол жетістікке жетіндер, оған дейін еңбектеніндер» деп үйретемін. Бізді бітірген спортшылардың бәрі жаксы. Алмас Өтешов те бізде оқыды, Александр Зайчиков те біз де оқыған. Талай мықтылар тәрбиеленіп шықты. Бізде Қызылорданың ең мықты спортшылары тәрбиеленеді.

– Өзіңіз жоғарыда айтып өткен спорт нысандары ашыла бастады. Енді солардың барлығын мықты кадрмен қамтамасыз етуге оқу орнының шамасы жете ме?

– Шамасы келеді. Бірақ заман талабына сай оқу орны да жаңарып отыру керек. Нағыз қазанында қайнап шығады. Басқа да оқу орындарында спортшы мамандығы бар. Бірақ оларда біз сияқты екі мықты жаттығу өтпейді. Ал біздің оқу орнының мамандандырылған деп аты айтып тұр. Балаларды әр спорт түрлері бойынша ел чемпионатына, әлемдік жарыстарға қатысуына мүмкіндік бар.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Ерсұлтан БІРТАЙ, «Қайсар» кәсіби жасөспірімдер футбол клубының ойыншысы:

ӨЗ ЖЕТІСТІГІҢЕ СҮЙСІНУ
БИІККЕ АПАРМАЙДЫ

Футбол – әлемдегі ең танымал спорттың бірі. Әсіресе жасөспірімдер арасында футболға деген қызығушылық күн сайын артып келеді. Өйткені футбол балаларды тек спортқа ғана емес, тәртіпке, ұйымшылдыққа және алға ұмтылуға баулиды. Қызылорда қаласындағы Байзақ Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің 9 «В» сынып оқушысы Ерсұлтан Біртай да – осы жолды таңдағандардың бірі. Ол кішкентайынан дөп қуып, бүгінде «Қайсар» жастар командасының сапында өнер көрсетіп жүр. Жас футболшымен сұхбаттасып, оның алғашқы қадамы, арман-мақсаты мен футболдағы әсерлі сәттері жайлы әңгімелестік.

– Футболға алғаш қалай келдіңіз? Сол күн есіңізде ме?

– Иә, ол күн әлі есімде. 2016 жылдың 16 қыркүйегінде анаммен бірге «Қайсар» футбол клубының 2007 жылғы жасөспірімдер командасына алғаш рет бардым. Сол сәттен бастап футбол менің өмірімнің бір бөлігіне айналды.

– Алғашқы бапкеріңіз кім болды?

– Алғашқы бапкерім – Қайрат Сәрсенов. Ол кісінің үйреткен сабақтарын әлі күнге дейін есте сақтаймын. Маған тек техника емес, тәртіп пен еңбектің маңызын көрсетті.

– Қай позицияда ойнағанды ұнатасыз?

– Маған шабуылда ойнаған ұнайды. Себебі шабуыл – бұл гол соғу мүмкіндігі, ал гол салған сәт – футболшы үшін ең үлкен қуаныш. Әр гол салғанда өзімді ерекше шабыттандырады сезіменім.

– Өзіңіздің мықты қырыңызбен жаксартқыңыз келетін тұстарыңыз қандай?

– Менің мықты тұсым – допқа соққым мен техникам. Бірақ футболшы әрдайым өзін жетілдіруі керек. Болдым, толдым деген күнің сенің тоқтағаның. Өз жетістігіңе сүйсіну біккіе апармайды. Сондықтан қазір физикалық күшімді, жылдамдығымды арттыруға көп көңіл бөлемін. Арнайы жаттығулар жасап, осы бағытта еңбектеніп жүрмін.

– Сіздің есіңізде ерекше қалған матч бар ма?

– Иә, Тараз командасына қарсы ойнаған кездесу есте қаларлық. Бірақ уақытты дұрыс жоспарласан, барлығына үлгеруге болады. Танертең сабаққа барсам, түстен кейін жаттығуға барамын. Кейде шаршайсың, бірақ сүйікті ісің болса, бәрине төзесің.

– Кімді үлгі тұтатыз?

– Менің кумирім – Криштиану Роналду. Оның тәртібі, еңбексүйгіштігі және өзін-өзі жетілдірудегі табандылығы ұнайды. Роналду сияқты кәсіби деңгейге көтеріліп, максатыма жеткім келеді.

– Футбол мен оқуды қатар алып жүру қиын емес пе?

– Әрине, оңай емес. Сабақ та маңызды, футбол да маңызды. Бірақ уақытты дұрыс жоспарласан, барлығына үлгеруге болады. Танертең сабаққа барсам, түстен кейін жаттығуға барамын. Кейде шаршайсың, бірақ сүйікті ісің болса, бәрине төзесің.

– Алдағы арман-мақсатыңыз қандай?

– Алдымен «Қайрат» футбол клубында ойнағым келеді. Бұл командада өсіп, өзімді жетілдіруге үлкен мүмкіндік бар. Ең үлкен арманым – мықты футболшы болып, «Қайсардың» да, туған жерім Қызылорданың да атын әлемге таныту. Болашақта отбасымды асырай алатын нағыз кәсіпқой болғым келеді.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орындаушысы - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1476

Нөмірдің кезекші редакторы: Айтқолқы АЙТЖАНОВА